

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№42 (7931)
Жұма
13 қазан
2023 жыл

5 қараша – Қарағанды облысының аудандары мен облыстық маңызы бар қалаларының пилоттық режимде әкімдерінің сайлауы

Аудан әкімдерін сайлау – ел тарихындағы стратегиялық мәні айрықша саяси науқан. Бұл – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған ел дамуы үшін қолға алынуы қажет басым бағыттардың бірі. Мемлекет басшысы тарапынан көтерілген бастаманы биылғы 5 қарашада республикада ең алғаш рет іске асыру үшін 45 аудан және облыстық

қалауларымен өңірдің басшысын тікелей сайлап, сенім білдіретіндігі. Ауданның дамуына, өңірдің хал-ахуалының артуына, халықтың мұң-мұқтажының жедел шешілуіне іс-әрекет қылатын, елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайын көтеруге ішкі-сыртқы инвестиция тартудың жаңа-соны әдістерін қолдана білетін, мемлекеттік бағдарламалардың аясында шағын-орта кәсіпкерліктің қарқынды

Еліміздің ертеңін бірге жасайық

маңызы бар қалада қанатқақты режимде сайлау өтеді. Тұрғындардың мүддесін көтеруге бағытталған сайлау саяси реформаларға тың серпін береді, әрі халықтың ел басқару ісі мен шешім қабылдау үдерісіне белсенді түрде араласуына жол аша түседі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында «Аймақтағы атқарушы биліктің шешім қабылдау ісіне азаматтардың тікелей қатысу мүмкіндігін біртіндеп арттыру да маңызды. Ауыл кеңі және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар өздері сайлай бастағанына екі жылдан асты. Содан бері ауылдық деңгейдегі әкімдердің төрттен үші сайланды. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдерін сайлап көреміз» – деп, ашық қоғам құруға айқын қадам жасалып, үлкен саяси маңызы бар мәселеге назар аударғаны.

Пилоттық режимде қолға алынған осы саяси дода еліміздің 3 қала мен 42 ауданында өтетін болды. Қарағанды облыстық маңызы бар қалаларының 2023 жылғы 8 қыркүйектегі VI- сессиясының №83 шешіміне сәйкес, біздің Ақтоғай ауданы, осы қанатқақты (пилоттық) өңірлердің бірі болып тізімге енгізілді. «Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тиімділігін, саяси үдерістің ашықтығы мен бәсекештігін одан әрі арттыру. Сондықтан, саяси реформалар жалғасады. Мемлекеттілігімізді одан әрі нығайту үшін барлық өзгерісті еліміздің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырамыз. Бұл – мықты, әділ әрі озық мемлекет құрудың бірден-бір дұрыс жолы. Азаматтарымыз бұл ұстанымды қолдап отыр», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл сайлаудың ерекшелігі, маңыздылығы аудан жұрты өз

жүруіне серпін жасайтын білімді де білікті маманның басшылыққа келуі аудан әлеуетін оңға бастайтыны анық. Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі ауылшаруашылық жерлерінің қарапайым шаруа адамдарына қолжетімді жасауға жұмыс жіргізу, тұрғын-үй кезегіндегі тұрғындардың баспана мәселелерінің кезең-кезеңімен шешілуін қамтамасыз ету, елді мекендердің инфраструктурасының дамуына, яғни сапалы жайлы жолдар, таза ауыз су, жылумен қамтамасыз ету сияқты маңызды күн тәртібіндегі өткір мәселелерді шешу жолдарын іскерлікпен жүргізе білетін, қарапайым бұқара-жұртшылықпен қоян-қолтық араласатын азаматтың аудан тізгінін ұстауы халық көңіліне сенім ұялатып, елдің ілгері дамуына серпігін тигізетіні сөзсіз. Өзін сайлаған сайлаушылардың сеніміне селкеу түсірмей жұмыс жүргізу ердің еріне сын екені белгілі. Тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстан тарихында тұңғыш рет өткізілгені отырған бұл қанатқақты (пилоттық) жобаға Ақтоғай ауданының кіруі, біздің халықымыз үшін үлкен сенім десем артық айтпағандығым.

Алдағы сайлаудың өтуіне сайлаушылардың толыққанды қатысуы негізгі, маңызды шарттарының бірі. Себебі «Отан - отбасынан басталады» демекші тұрғылықты халықтың өмір сапасының артуы, ертеңгі өміріміздің мәнді болуы, өңіріміздің жан-жақты дамуы біздің бүгінгі таңдауымызда. Сайлауға бір азаматтай қатысып, таңдау жасау біздің халықымыздың әрбір тұрғынының міндетті борышы. Еліміздің ертеңін бірге жасайық ағайың!!!

Р.Әбеуов,
Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты.



ХАБАРЛАМА

2023 жылдың 5 қарашада өтетін пилоттық режимде тағайындалған Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткерлердің 2023 жылдың 10 қазан сағат 18.00-ге дейін тіркелген қорытындысы

1. **Болғанбаев Қайыр Нығметоллаулы**, 1968 жылы туған, Ақтоғай ауданының Мансап орталығы "Қарағанды облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығы" КММ басшысының міндетін атқарушы, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, ұлты қазақ, "Қазақстан Халық партиясы" ҚБ Қарағанды облыстық филиалы ұсынған, (тіркелген күні 04.10.2023 ж).
2. **Жанаберенов Нурланбек Комирбайұлы**, 1973 жылы туған, "Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ басшысы, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, ұлты қазақ. "Ауыл" халықтық-демократиялық патриоттық партиясының" Қарағанды облыстық филиалы ұсынған, (тіркелген күні 06.10.2023 ж);
3. **Кенжебеков Руслан Айтықенович**, 1978 жылы туған, Ақтоғай ауданының әкімі, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, ұлты қазақ, «Атапата» партиясының Қарағанды облыстық филиалы ұсынған, (тіркелген күні 04.10.2023 ж);
4. **Сейтов Нуржан Саулбайұлы**, 1989 жылы туған, "Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ басшысы, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, ұлты қазақ, "Respublica" партиясы ҚБ Қарағанды облыстық филиалы ұсынған, (тіркелген күні 05.10.2023 ж).

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

«АҚТОҒАЙ АЖАРЫ»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық, ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,
1 жылға – 4914,60 теңге.
6 айға – 2457,30 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,
1 жылға – 5914,56 теңге.
6 айға – 2957,28 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайың!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai_red@mail.ru

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер Жаңаберген Нұрланбек Көмірбайұлының сайлауалды бағдарламасы



Мен, Жаңаберген Нұрланбек Көмірбайұлы 1973 жылы 26 маусымда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нүркен селосында дүниеге келдім. 1990 жылдары Н.Әбдіров атындағы орта мектепті бітірдім. 1991-1996 жылдары Ақмола ауыл шаруашылығы институтында оқып, «зооинженер» мамандығы бойынша бітірдім. 2000 – 2003 жылдары Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінде оқып, «химия» пәнінің мұғалімі мамандығын бітірдім.

Еңбек жолымды 1990 жылы «Жәмші» кеңшарында жұмыскер ретінде бастағанмын. 1998-2003 жылдары «Төрткүл» шаруа қожалығының мүшесі, 2003-2012 жыл аралығында ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің мал шаруашылығы жөніндегі бас маманы қызметін атқардым. 2012-2017 жылдар аралығында «Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрілігі агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы лауазымын атқардым.

2017 жылдың маусым айынан қазіргі уақытқа дейін «Ақтоғай ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-нің басшысы қызметін атқарып отырмын. Отбасылымын, төрт балам бар.

Ауылда дүниеге келіп, білім алып, ауылда қызмет атқарып жатқан азамат ретінде, ауылдың мәселелерін көтеріп жүрген еліміздегі үлкен саяси «Ауыл» ХДПП партиясы атынан аудан әкіміне үміткер ретінде сайлауға қатысуға шешім қабылдадым. Менің мақсатым – Ақтоғай ауданын өмір сүруге, жұмыс істеуге және оқуға қолайлы орынға айналдыру.

Менің сайлауалды бағдарламам Ақтоғай ауданының тұрғындары үшін келесі маңызды бағыттарға негізделген:

- Ауыл шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағаны тежеу. Ауыл шаруашылығын дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бағаны тежеуге белсенді түрде жәрдемдесетін боламын.
 - Ауыл шаруашылығы дақылдарының алқаптарын кенейту, мал мен құс басы санының өсуі есебінен ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайту;
 - Ауылдағы шағын және орта шаруашылықтар мен жеке қосалқы шаруашылықтарға мемлекеттік қолдауларды көрсетуді қамтамасыз ету, сервистік және маркетингтік ауыл шаруашылығы кооперативтерінің желісін құру, кооперативтерге мемлекеттік қолдау және салықтық жеңілдіктерді қарастыру. Ауыл шаруашылығы өнімдерін ішкі және сыртқы өткізу нарықтарын дамыту;
 - Бағаның өсу қауіпі жоғары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыру қорынан алу жұмыстарын ұйымдастыру;
 - Ауылдық елді мекендердің тұрғындарына төмен пайызбен, ұзақ мерзімді, өзін-өзі қамтамасыз ететін несиелер қаражаттарын алуды ұйымдастыру;
 - Ауданның тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін жұмыс орындарын құру және экономикалық белсенділікті ынталандыру. Ауданның жұмыссыз тұрғындарын жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, оның ішінде оқыту және қайта даярлау бағдарламалары мен іс-шараларын құру. Шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламаларын іске асыру, оның ішінде жеңілдікті несиелер беру және бизнес-жоспарлар бойынша кеңес беру. Бұл жұмыс орындарын ашып, тұрғындардың кірісін арттырады.
 - Ауылдық туризмді дамыту, қонақ үйлерін құру, экологиялық маршруттарды дамыту және жергілікті фермерлік базарларды ұйымдастыруды қоса алғанда, ауылдық туризмді дамытуға инвесторларды тарту;
 - Мектептерге күрделі жөндеу және жаңарту жұмыстарын жүргізу, оларды заманауи құрал-жабдықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету. Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан үздік тұлғаларға университетке түсу үшін жергілікті кәсіпкерлермен бірлесе отырып, стипендиялық бағдарламаларды құру.
 - Ауданда медициналық орталықтар мен дәрігерлердің санын көбейту, сондай-ақ оларды заманауи құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;
 - Жас отбасылар мен аз қамтылған азаматтарды тұрғын үй алуға қолдау көрсету бағдарламасын әзірлеу;
 - Жол қауіпсіздігін арттыру және жолды сапалы күтіп ұстауды қамтамасыз ету;
 - Ұлттық салт-дәстүрді, қолөнер мен өнерді өскелең ұрпаққа жеткізу үшін шеберханаларды, мектептер мен үйірмелер құру және қолдау көрсету;
 - Ұлттық мұраны сақтауға және насихаттауға бағытталған жергілікті өнер және мәдени жобаларды қаржылық қолдау;
 - Жастардың білім алуына, тұлғалық дамуына, әр түрлі бастамалар көтеруіне, және де білім беру мен ойын-сауық шараларына арналған жастар орталықтарын құру;
 - Жастарды дене шынықтырумен айналысуға ынталандыру үшін спорт алаңдары мен дене шынықтыру орталықтарын салу және жөндеу;
 - Салауатты өмір салтына арналған спорттық жарыстар мен іс-шараларды ұйымдастыру.
- Сондықтан баршамызға пайдалы болатын болашаққа бірге қадам басайық. Біздің мақсаттарымыз тек өзіміздің жігеріміз бен ынтымағымызбен шектеледі. Мен сіздерді алдағы сайлауда мені және менің бағдарламамды қолдауларыңызды сұраймын, осылайша біз бірге өз ауданымызды тек өзіміз үшін ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де жақсырақ ете аламыз. Жаңа көзқарастарды бірге бағындырайық!

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер Болғанбаев Кайыр Нығметоллаұлының сайлауалды бағдарламасы



Мен, Болғанбаев Кайыр Нығметоллаұлы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында 1968 жылы дүниеге келдім. 1985 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті аталып, 1992 жылы финан және кредит мамандығы бойынша бітіріп, экономист квалификациясын алдым. 1992 жылы Ақтоғай ауданының салық инспекциясының жеке тұлғаларға салық салу бөлімінің аға салық инспекторы болып жұмысқа орналастым. 1995-1997 жылдар аралығында Ақтоғай ауданы бойынша салық полициясы басқармасында қызмет атқардым. 1997-2007 жылдар аралығында Ақтоғай ауданы бойынша салық комитетінде бас салық инспекторы, сектор меңгерушісі, бөлім бастығы қызметін атқарып, 2007 жылы Ақтоғай ауданы бойынша салық басқармасының басшысы, 08.06.2011 жылы Приозерск қаласы бойынша салық басқармасының басшысы, 26.07.2011 жылы Ақтоғай ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы, 07.11.2014 жылы Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы, 01.10.2015 жылдан Ақтоғай ауылы әкімі қызметін атқардым. Қазіргі күні Ақтоғай ауданының Мансаптық орталығының басшысы міндетін атқарудамын.

Ақтоғай ауданы тұрғындары, қадірлі жерлестер!

Өздеріңіз білесіздер, өңіріміз ауыл шаруашылығымен ерекшеленеді. Оның ішінде біздің аудан мал шаруашылығы мекені.

- Ең бірінші аудандағы аурухана талапқа сай болуы керек. Оны білікті кадрлармен толықтырып, жедел жәрдем көліктері жанаруы тиіс. Әрине, денсаулыққа азаматтардың өзі жауапты.
 - Жоғары білікті мамандарды тарта отырып, өскелең ұрпақтың қолжетімді және сапалы білім алуын, жана білім беру объектілерін салу, ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізу үшін спорт пен мәдениетті, әлеуметтік объектілерді жыл сайын заманауи стандарттар бойынша жаңғыртуды қамтамасыз ету;
 - Тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануы үшін ауданымыздағы спорттық инфрақұрылымдарды дамытып, қысқы және жазғы спорт түрлерінің жабдықтарымен қамтамасыз етіп, ойын алаңдарын салу;
 - Ауыл шаруашылығын ілгерілетіп, бұл саладағы заманауи технологияларға негізделген инвестициялық жобаларды аша отырып, мал басы санының өсуін қамтамасыз ету;
 - Аудандағы кәсіпкерлер халықтың әл-ауқатын көтеруге үлес қосуы керек. Өңірде кәсіп дамыса, қосымша жұмыс орындары ашылады деген сөз. Ол үшін ең бірінші кәсіпкерлердің еш алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасау;
 - Кіші елді мекендерді таза ауыз сумен жабдықтау жұмыстарын қолға алу;
 - Тұрғындарды жұмыспен қамтып, жайлы өмір сүруі үшін бар күш-жігерім мен біліктілігімді саламын. Осылайша жергілікті жұрттың өмір сүру сапасын көтергім келеді. Жергілікті атқарушы биліктің жұмысы қоғамдық бақылауда болғаны жөн. Бұл жұмыс процесін жеделдетеді. Бағаның өсу қауіпі жоғары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыруды ұйымдастыру;
 - Қоғамдық кеңестердің өзін-өзі басқару жүйесін нығайту;
 - Ауылдық елді мекендердің тұрғындарына төмен пайызбен, ұзақ мерзімді, өзін-өзі қамтамасыз ететін несиелер қаражаттарын алуды ұйымдастыру;
 - Ауданның барлық елді мекендерін тұрақты ұялы байланыс, қолжетімді және сапалы интернет желісімен қамтамасыз ету;
 - «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы шарттарына өзгерістер ұсына отырып, ауылға көшуге ниет білдірген барлық жұмысшы, мамандығы бар азаматтарға қолдау көрсету, оларды лайықты тұрғын үй, тұрмыстық жағдайымен қамтамасыз ету;
 - Кәсіби және көшбасшылық дағдыларды дамытуға бағытталған жазғы және қысқы лагерьлерді, тағылымдамалар мен курстарды ұйымдастыру. Жастардың білім алуына, тұлғалық дамуына, әр түрлі бастамалар көтеруіне және білім беру мен ойын-сауық шараларына арналған жастар орталықтарын құру.
- Біз жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтардың шыңында тұрмыз және сіздердің дауыстарыңыз ауданымыз үшін маңызды. Менің сайлауалды бағдарламам Ақтоғай ауданының әрбір тұрғынына тең жағдай жасауға, өмір сүру сапасын жақсартуға және жалпы облысымызды дамытуға бағытталған.
- Менің мемлекеттік қызметтегі және құқықтық қамтамасыз ету саласындағы тәжірибем әкім лауазымына білікті үміткер болуға мүмкіндік береді. Бірақ ең бастысы, мен осы ауданның бір бөлігімін, осында туып, білімімді шыңдадым. Мен сіздердің мүдделеріңіз бен алаңдауларыңызды толықтай түсінемін, сондықтан Ақтоғай ауданының гүлденуі және әрқайсымыз үшін өмір сүруге қолайлы болуы үшін бәрін жасауға дайынмын.
- Ауданның дамуы үшін ұсынып отырған бағдарламам үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Соңғы қызметім – Ақтоғай ауылының әкімі болды. Біз мекен ететін аудан, салауатты өмірмен де өзгелерге үлгі болуға тиіс.
- 5 қараша күні ауданымыздың болашағы үшін баршаңызды дауыс беруге шақырамын. Аудан халқының әл-ауқатын жақсарту үшін әрбір тұрғынның дауысы маңызды. Ауданымызды бірге көркейтейік!

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер Кенжебеков Руслан Айтықенұлының сайлауалды бағдарламасы



Мен, Кенжебеков Руслан Айтықенұлы 1978 жылы 5 қарашада Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында дүниеге келдім. Үш жоғары білімім бар. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетін құқықтану мамандығы бойынша, Болашақ университетін экономика және бизнес мамандығы бойынша және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясының магистратурасын тәмамдап, құқық магистрі дәрежесін алдым. Еңбек жолымды Астана қаласындағы Евразиялық Ұлттық Университетінде қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасында оқытушы болып бастап, әр салада қатардағы маманнан жоғары лауазымдарда Министрліктерде, Үкімет аппаратында, Президент Әкімшілігінде жауапты қызметтер атқардым. Қазіргі күні Ақтоғай ауданының әкімі болып қызмет атқарудамын.

2017 жылы Қазақстан Патриоттар форумы аясында «Жыл патриоты-2017» номинациясының жеңімпазы, 2019 жылы «Монополияға қарсы қызметінің үздігі», 2020 жылы «Қазақстан Республикасы Конституциясына 25 жыл» мерекелік медалімен, 2021 жылы «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгілерімен марапатталдым. 2021 жылы Ақтоғай ауданы мәслихаты шешімімен Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ауданнан шыққан тұңғыш самбо күресінен «Әлем чемпионы» атандым.

Ауылда туып, өскендіктен ауылдың жағдайын жақсы білемін, ауыл өмірін жақсарту мәселелерін аудан тұрғындарымен әрқашан бірлесе отырып, шешім қабылдаймын.

Құрметті сайлаушылар!

Менің алға қойған басты мақсатым – аудан тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсарту.

– "Ауыл аманаты" жобасы бойынша жеке қосалқы және шаруашылықтар кооперативтеріне жеңілдетілген несиелер беру арқылы ауыл халқының табысын арттыру;

– Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, дәнді дақылдар алқаптарын кеңейту, инновациялық шешімдерді енгізу, мал басы санының өсуі, жұмыс орындары санын ұлғайту;

– "Жер аманаты" жобасын іске асыру бойынша ауыл тұрғындарының өзекті мәселелерінің бірі – пайдаланылмайтын жайылымдық және шабындық жерлерді елді мекендер меншігіне қайтару жұмыстарын белсенді жүргізу;

– Лизингтік және басқа да бағдарламалар арқылы ауданның шаруа қожалықтарының ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту;

– Аудан бойынша ең күрделі, өзекті мәселенің бірі тұрақты электр жарығымен қамтамасыз ету. Осы мәселені түбегейлі шешу үшін құзырлы органдар арқылы жоспарлы жұмыстар жүргізу;

– Кіші елді мекендерді ауыз су жүйесімен қамтамасыз ету;

– Облыстық, аудандық маңыздағы автомобиль жолдарына сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізуді кезең-кезеңімен іске асыру;

– Ауданның барлық елді мекендерін тұрақты ұялы байланыс, қолжетімді және сапалы интернет желісімен қамтамасыз ету;

– Жалға берілетін тұрғын үй салу және көпқабатты үйлерді қалпына келтіру арқылы аудан бойынша тұрғын үй кезектілігін азайту;

– Елді мекендердегі тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін медициналық қызмет түрлерінің сапасын арттыру, кадр тапшылығы мәселелерін шешу, жаңа медициналық нысандар салу;

– Жоғары білікті мамандарды тарта отырып, өскелең ұрпақтың қолжетімді және сапалы білім алуын, жаңа білім беру объектілерін салу, ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізу үшін спорт пен мәдениетті, әлеуметтік объектілерді жыл сайын заманауи стандарттар бойынша жаңғыртуды қамтамасыз ету;

– Жергілікті қоғамдастық институттары, қоғамдық кеңестер, үкіметтік емес ұйымдар арқылы жергілікті өзін-өзі басқару мен азаматтық қоғамның рөлін күшейту бойынша белсенді жұмыс жүргізу;

Мемлекеттік бағдарламаларды, белгіленген жоспарларды іске асыру аудан экономикасының барлық салаларында өсудің оң серпінін сақтауға мүмкіндік береді. «АТҚАРЫЛАР ІСТІҢ ТӨРЕШІСІ – ХАЛЫҚ». Жаңа жұмыс орындарын ашу, агроөнеркәсіп кешенін және кәсіпкерлікті дамыту, халықтың өмір сүру қауіпсіздігі мен жайлылығы, тұрғын үймен қамтамасыз ету, білім беру және денсаулық сақтау саласында сапалы қызмет көрсету үшін жағдай жасау бағытында тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескеріле отырып, жоспарлы жұмыстар жүзеге асыру басты міндетім болмақ.

Қадірлі жерлестер!

Өз тарапынан мемлекеттік қызметте алған тәжірибемді, білімім мен қабілетімді басшылыққа ала отырып, Ақтоғай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуын және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ету жолында жүйелі түрде жұмыс жасауға ниеттімін.

Барлығымыз бірге белгіленген межелерге қол жеткізе алатынымызға және тұрғындарымыздың сапалы өмір сүру деңгейін жақсарту алатынымызға сенімдімін!

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер Сеитов Нұржан Саулебайұлының сайлауалды бағдарламасы



Сеитов Нұржан Саулебайұлы 1989 жылы 24 маусымда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай селосында дүниеге келген.

1996 жылдан 2005 жылға дейін Ақтоғай ауданындағы Ә.Бөкейхан атындағы орта мектепте оқыған.

2005 жылдан 2008 жылға дейін Қарағанды «Болашақ» колледжінде, 2008 жылдан 2011 жылға дейін Қарағанды «Болашақ» Университетін құқықтану мамандығын бойынша аяқтаған. Қазіргі уақытта «Қарағанды Экономикалық Университетінде» экономика мамандығы бойынша білім алу.

Еңбек жолын 2008 жылдан 2009 жыл аралығында «Балқаш қалалық қорғаныс істері жөніндегі» бөлімінде жүргізуші болып бастаған.

2009-2010 жылдары аралығында «Берер» ЖШС кадр қызметінің маманы.

2010-2013 жылдар аралығында «Ақтоғай аудандық ХҚКО» КМК тасымалдаушыдан бастап жинақтау секторының бас маманына дейінгі қызметтерді атқарған.

2013-2015 жылдар аралығында «Балқаш қаласының ХҚКО» жинақтау секторының маманы.

2015-2016 жылдар аралығында «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Шашубай кенті Әкімінің аппараты» ММ-де бас маман.

2016-2017 жылдары «Қарағанды мемлекеттік еңбек инспекциясы» ММ-де бас маман-мемлекеттік еңбек инспекторы.

2017-2023 жылдары Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Тасарал ауылдық округінің әкімі.

Қазіргі уақытта «Ақтоғай ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің басшысы.

2021 жылы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырған «Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсының «Үздік шаруашылық әкімі» номинациясының жеңімпазы

Отбасылы.

Менің сайлауалды бағдарламам – бұл «Республика» партиясының ел дамуына екіпін беретін саяси тұғырнамасы. «Республика» партияның мүшесі ретінде мен алдағы 4 жылдың ішінде өзімнің әрбір қадамым мен іс-әрекетімді өзімнің партия арқылы барлық жоспарларыммен үйлестіретін боламын. Аудан әкімі болып сайланған жағдайда экономика және әлеуметтік салалар бойынша мына проблемаларға бірінші кезекте көңіл бөлмекпін.

Жол жөндеу мәселелері бойынша, өңірлердің автокөлік жолдарын дамытудағы потенциалын арттыруға Ақтоғай-Шет аудандарының арасындағы және ауыларалық жолдарын, ауылдардың көше жолдарын жөндеуге ықпал етемін.

Әлеуметтік сала бойынша кезек күттірмейтін мәселелерді шешуге атсалысу менің әкімдік жұмысымның басты мазмұны болмақ. Олар: өңірлердің медицина саласында жаңа дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, медициналық пункттер салу жоспарларын әрі қарай дамыту. Өңірлерге жас мамандарды орнықтыру мәселелерін шешу.

Білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын практикаға енгізу. Осы арқылы балаларды мектепке дейінгі оқытумен қамтуды ұлғайтуға, жеке балабақшалар ашуға қол жеткіземін.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қолдауды және көмек көрсетуді, олардың құқықтарын қорғауды, олардың әлеуметтік төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуді басты назарыма аламын. Аға буын мен мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелерін шешуге көңіл бөлемін.

Халықтың мәдени және рухани сұраныстарын қамтамасыз ету мақсатында осы саланың материалдық техникалық базасын нығайта түсуге күш саламын.

Жергілікті жерлердегі аулаларды абаттандыру, көшелерді, ауылдар мен кенттерді жарықтандыру және асфальттау жұмыстарын одан әрі жалғастыруға ықпал етемін.

Таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша ауылдарда ауыз су құбыры желілерінің құрылысы, су құбырларын қайта жаңарту, ескірген су қоймаларын (резервуарды) айырбастау немесе күрделі жөндеуден өткізуді назарда ұстаймын.

Тұрғын үй салу мәселелерінде елді мекендерде тұрғын үй кезегінің көп болуына байланысты үй салу мәселелерін қолға алу, аудан орталықтарында және ірі кенттерде көппәтерлі тұрғын үй құрылысының жүзеге асуына көңіл бөлемін.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында кенттерде деңешынықтыру, сауықтыру кешендерін ашу және материалдық техникалық базаларын нығайтуға барынша күш саламын. Инвестиция тарту мәселелері бойынша өңірлердегі ірі кәсіпорындармен келіссөз жүргізе отырып ауылдарға инвестиция тартуды қарастырамын.

Игерілмей жатқан жер телімдерінің мемлекетке қайтарылуын, ауданымыздың кәсіп ашуға ынтасы бар жас азаматтарын қолдаймын. Осы мәселерді шешуде өз тарапынан барлық тетіктер мен әдістерді, мүмкіндіктерді пайдалана отырып өзімнің туған өлкеме қызмет етуді азаматтық міндетім деп білемін.

Құрметті сайлаушылар! Аталған мәселелердің барлығын сіздермен тығыз байланыста болып, бір кісідей біріге отырып шешуімізге мүмкіндігіміз зор. Халықтың сенімін ақтау – менің борышым!

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы инновациялық шешімдер» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалардың республикалық конкурсын өткізу туралы Ереже

Қарағанды – 2023 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы инновациялық шешімдер» (бұдан әрі – Конкурс) тақырыбында республикалық жобалар конкурсын өткізу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды, бағалау өлшемшарттарын, өткізу мерзімдерін айқындайды және барлық конкурстық іс-шаралар аяқталғанға дейін қолданылады.

1.2. Конкурстың міндеттері:
– парасаттылық пен сыбайлас жемқорлық көріністеріне «мүлдем төзбеушілік» идеологиясын ілгерілету;
– азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қызметке тарту;
– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы перспективалы жобаларды іздеу;
– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы азаматтық бастамаларды қолдау.

2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мен өткізу мерзімдері

2.1. Конкурсты Қарағанды облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаменті «Қарағанды облысының жастар және балалар ұйымдары одағы» ЖҚБ ұйымдастырады.

2.2. Конкурста барлық ниет білдіруші тұлғалар (жеке және заңды тұлғалар), оның ішінде қоғам, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатыса алады.

2.3. Конкурста қатысу бойынша шығындарды (конкурс өтетін жерге бару және кері қайту, тұрғын үй-жайды жалдау, тұру және т.б.) қатысушылар өз қаражаты есебінен жүргізеді.

2.4. Байқаудың басталуы туралы хабарландыру – **2023 жылғы 25 қыркүйек**.

2.5. Конкурста қатысу үшін қатысушылар осы Ереженің қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес өтінім береді.

Өтінімге қоса беріледі:
– конкурстық жұмыстың қысқаша сипаттамасы (көлемі 2 беттен аспайтын Word мәтіндік құжаты түрінде);
– конкурстық жұмыс.

2.6. Бір конкурсант үшін жобалар (жұмыстар) саны 2-ден аспайды.

2.7. Байқау екі кезеңде өткізіледі – іріктеу және финал.

Іріктеу кезеңі 2023 жылғы 30 қазаннан 10 қарашаға дейін өткізіледі.

Конкурстық жұмыстарды қабылдауды Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаменті **2023 жылғы 25 қыркүйектен 30 қазанға дейін** жүзеге асырады.

Көрсетілген мерзімнен кейін алынған жұмыстарды конкурстық комиссия қарамайды.

Конкурстық комиссия ұсынылған жұмыстарды **2023 жылғы 30 қазаннан 10 қарашаға** дейін бағалайды.

Конкурстық комиссия іріктеп алған жобаларға (20 жұмыстан аспайтын) конкурстың соңғы кезеңіне қатысу үшін жол беріледі.

Іріктеу кезеңінің нәтижелерін жариялау – **2023 жылғы 11 қараша**.

Соңғы кезең 2023 жылдың 1 желтоқсанында өтеді.

Финалдық кезеңге жіберілген әрбір қатысушы өз жұмысын конкурстық комиссияның ұсынымдарын ескере отырып пысықтайды және оны **2023 жылғы 27 қарашаға дейін** Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаментіне жібереді.

2023 жылғы 1 желтоқсанда Қарағанды қаласында қатысушылар конкурстық комиссияға өз жұмыстарын таныстырады және конкурстың жеңімпаздары анықталады.

3. Конкурстық жұмыстың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар

3.1. Конкурста келесі басым бағыттар бойынша жұмыстар ұсынылуы мүмкін:

Басым бағыттар	Шамамен жұмыс түрлері
1. Қоғамдық бақылау	1.1. Журналистік зерттеулер жүргізу; 1.2. Бюджет қаражатын жұмсау тиімділігінің мониторингі; 1.3. Қоғамдық бақылаудың тетіктері мен нысандары; 1.4. Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын және есептілігін қамтамасыз ету; 1.5. Қоғамдық бақылау шеңберінде мемлекеттік органдардың азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл тетіктері; 1.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға азаматтық қатысу нысандары мен тетіктері; 1.7. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі басшылықты/нұсқаулықтарды әзірлеу; 1.8. Еріктілерге арналған нұсқаулық.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және зерттеу	2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерлерге арналған нұсқаулық; 2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілік нысаны;

Басым бағыттар	Шамамен жұмыс түрлері
	2.3. Цифрлық қаржы активтерін, криптобиржаларды және басқа да цифрлық платформаларды пайдалана отырып жасалған сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі әдістемелік ұсынымдар; 2.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жария портал; 2.5. Әлеуметтік желілерде және БАҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту; 2.6. Бейне ойындар арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру тетіктері; 2.7. Квазимемлекеттік және жеке ұйымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді комплаенсті енгізу тетіктері; 2.8. Сыбайлас жемқорлық бойынша оқу кейстерін қалыптастыру; 2.9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық-білім беру ресурстары; 2.10. Қазақстандық сыбайлас жемқордың психологиялық портреті; 2.11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім базасын құру / энциклопедия; 2.12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту бойынша оқу-көмекші материалдарды жобалау және бағдарламалық ресімдеу; 2.13. Мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік және жеке ұйымдардың қызметкерлері, студенттер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру бағдарламаларын әзірлеу; 2.14. Корпоративтік оқытуға сыбайлас жемқорлыққа қарсы компонентті енгізу; 2.15. Сыбайлас жемқорлықты өлшеу: оның деңгейі мен динамикасын тікелей және жанама бақылау тәсілдері мен әдістері; 2.16. Парасатты бизнесті ынталандыру және дамыту; 2.17. Корпоративтік сектордағы сыбайлас жемқорлық практикалары мен алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың Комплаенс-әдістемелері; 2.18. Жеке тұлғаның ерекшеліктері мен сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың өзара байланысын зерттеу; 2.19. Корпоративтік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау; 2.20. Цифрландыру жағдайындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар; 2.21. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау тетіктері; 2.22. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдарды қорғау; 2.23. Мүдделер қақтығысы: активтер мен мүдделерді декларациялау.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою	3.1. Экономика және мемлекеттік басқару салаларына қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бейіндері бар сыбайлас жемқорлық картограммасы; 3.2. Сандық шешімдер; 3.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауда AI әлеуетін пайдалану; 3.4. Нормативтік-құқықтық актілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасында машиналық оқыту; 3.5. Мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардағы мүдделер қақтығысын реттеу тетіктері; 3.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасанды интеллект; 3.7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау процесін автоматтандыру; 3.8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-рәсімдерді автоматтандыру.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа құралдар	4.1. Аудиовизуалды бұқаралық ақпарат құралдары; 4.2. Фильмдер (телехикаялар); 4.3. Комикстер, ойындар; 4.4. Мобильді ойындарды оқытуға арналған дизайн мен бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу; 4.5. Сыбайлас жемқорлық туралы мобильді оқыту ойыны.

* көрсетілген жұмыс түрлері толық емес.

- 3.2. Жұмыс жеке немесе ұжымдық болуы мүмкін.
3.3. Жұмыс Word мәтіндік құжаты және Power Point презентациясы түрінде жасалады (көлемі 15 слайдқа дейін) және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаментінің хабарламада көрсетілген e-mail-ге konkurs1424@mail.ru электронды түрде ұсынылуы керек (т.87011864300, 87024122906).
3.4. Жұмыста келесі ақпарат болуы керек:
– SMART-мақсат;
– міндеттер;
– іске асыру мерзімдер;
– жұмыс көлемі,
– мүдделі тараптар;
– ықтимал шығындар, ресурстар және тәуекелдер.
3.5. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:
– белгіленген бағыттарға сәйкестігі;
– өзектілігі және теориялық негізділігі;

(Жалғасы 5-бетте).

(Соңы. Басы 4-бетте).

- деректерді зерттеу мен талдаудың толықтығы;
- жұмыстың практикалық қолданылуы мен құндылығы.

3.6. Көрсетілген талаптарға сай келмейтін жұмыстар конкурсқа жол берілмейді.

4. Конкурсты өткізу және қорытындылау тәртібі.

4.1. Байқау екі кезеңнен тұрады:
– іріктеу кезеңі финалдық кезеңге одан әрі қатысу үшін 20-дан аспайтын жобаны іріктеуге мүмкіндік береді. Іріктеуді Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаменті құрастырған конкурстық комиссия жүргізеді
– соңғы кезең іріктеу кезеңінің нәтижелері бойынша іріктелген жобалар арасында конкурс өткізуді көздейді.

4.2. Іріктеу кезеңі қашықтықтан өткізіледі. Қатысушылар конкурстық жұмыстармен конкурс хабарландыруында көрсетілген Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаментінің электрондық поштасы арқылы өтінім береді. Іріктеу кезеңінің нәтижелері және соңғы кезеңге өткендердің тізімі **2023 жылғы 11 қарашада** жарияланады.

4.3. Соңғы кезеңде қатысушы өз жобасын пысықтайды және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаментіне жобаның пысықталған нұсқасын **2023 жылғы 27 қарашаға** дейін жібереді.

4.4. Финалдық кезеңге қатысушылар **2023 жылғы 1 желтоқсанда** Қарағанды қаласында Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған салтанатты іс-шарада өз жобаларын таныстырады.

4.5. Регламент – сөйлеуге 8 минут, Конкурстық комиссия мүшелерінің сұрақтары –5 минут.

4.6. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдарды қарау нәтижелері бойынша конкурс жеңімпаздарын айқындайды.

4.7. Конкурстың қорытындылары туралы шешімді конкурстық комиссия балдардың жалпы сомасы бойынша қабылдайды және дауыс беруге қатысқан комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

4.8. Ең көп балл жинаған конкурстық жұмыстар жеңімпаз деп танылады.

4.9. Конкурс қорытындысы бойынша «Қоғамдық бақылау», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру», «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа құралдар» бағыттары бойынша жеңімпаздарды марапаттау көзделеді.

4.10. Үздік деп танылған конкурстық жұмыстарды Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте және (немесе) тиісті мемлекеттік органдарда немесе ұйымдарда (оның ішінде авторлардың тікелей қатысуымен) пилоттық жоба ретінде енгізу үшін пайдалана алады.

5. Байқаудың жүлде қоры

5.1. Байқаудың жүлде қоры 5.000.000 (бес миллион) теңгені құрайды.
5.2. Байқау жеңімпаздарына ақшалай сыйлық беріледі 250 мың теңге және 1 млн. теңге көлемінде жобаны енгізуге (іске асыруға) бөлінеді.

Жеңімпаздардың жалпы саны 4 (төрт) аспауы керек.
5.3. Конкурстық комиссияның шешімі бойынша жеңімпаздарға жобаны іске асыру процесінде қаржылық-техникалық сүйемелдеу көрсетілуі мүмкін.

5.4. Конкурс жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаментіне жобаны іске асыруға бөлінген қаражатты саналы пайдалану бойынша 2024 жылдың 1 жартыжылдығынан кешіктірілмейтін мерзімде есептілікті ұсыну бойынша міндеттеме алады.

6. Ерекше шарттар

6.1. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) қатысушының авторлығына сілтеме жасай отырып жұмыстарды жариялауды жүзеге асыруға құқылы

6.2. Қатысушылар осы Ереженің барлық шарттары мен өз жұмыстарын конкурсқа жіберу фактісі мен келісетінін растайды.

6.3. Қатысушылар өз жұмыстарын конкурсқа жіберу фактісі мен олардың дербес деректерін өңдеуге келісімін растайды.

1 қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалар конкурсына қатысуға өтінім

Аймақ	Қатысушының Т.А.Ә	Жұмыстың бағыты (Қоғамдық бақылау, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа құралдар)	Конкурстық жұмыстың атауы	Байланыс мәліметтері
-------	-------------------	--	---------------------------	----------------------

**Президент тапсырмасын орындай отырып...*

Ақтоғай ауданында 2023 жылдың 9 айында мемлекеттік сатып алулар бойынша атқарылған жұмыстары туралы

2023 жылға аудан бойынша тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға мемлекеттік сатып алу алудың веб-порталына 4 млрд. 828 млн. 194 мың теңгеге жылдық жоспар орналастырылып, бүгінгі күнге 3 млрд. 279 млн. 606 мың теңгеге 1480 келісім шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем 542 млн. 906 мың теңге.

Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы 245 мемлекеттік сатып алу 277 млн. 583 мың теңгеге (ақпараттық есептеу орталығы, коммуналдық қызметтері, «Азаматтарға арналған үкімет» АҚ т.с.с.) жоспарланып, 240 млн. 864 мың теңгеге 208 келісім шартқа отырды.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 2221 мемлекеттік сатып алулар 1 млрд. 273 млн. 168 мың теңгеге жоспарланып, 772 млн. 691 мың теңгеге 1113 келісім шартқа отырды (өткізілмеген мемлекеттік сатып алуларды бір көзден сатып алулары қосқанда).

Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс 5 мемлекеттік сатып алу (ішкі саясат, жұмыспен қамту бөлімдері, жастар ресурстық орталығы) 23 млн. 378 мың теңгеге жоспарланып, 23 млн. 378 мың теңгеге 5 сатып алу жарияланып, 17 млн. 922 мың теңгеге 4 келісім шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем 73 мың теңге.

Негіздемелік келісім бойынша (байланыс қызметі, интернет, жанар-жағар май сатып алу) 68 мемлекеттік сатып алулар 25 млн. 719 мың теңгеге жоспарланып, 17 млн. 422 мың теңгеге 64 келісім шартқа отырды.

Тұрғын үй сатып алу 13 мемлекеттік сатып алу 117 млн. 500 мың теңгеге жоспарланып, 11 үйге 108 млн. теңгеге жарияланып, 96 млн. 927 мың теңгеге 9 келісім шартқа отырды. (7 тұрғын үй ТҮКШ бөлімі, 4 тұрғын үй құрылыс бөлімі арқылы жарияланды).

Электрондық дүкен арқылы 76 мемлекеттік сатып алу 13 млн. 851 мың теңгеге жоспарланып, 10 млн. 475 мың теңгеге 45 келісім шартқа отырды.

Конкурстар бойынша (ашық, біліктілікті

алдын-ала анықтау, рейтинг-балдық жүйе тәсілдері арқылы) 60 мемлекеттік сатып алу (оның ішінде аудандық ББӘ бойынша 52 конкурс, білім бөлімі бойынша 8 конкурс) 3 млрд. 096 млн. 995 теңгеге жоспарланып, барлығы 3 млрд. 078 млн. 414 мың теңгеге 56 конкурс жарияланып, 2 млрд. 123 млн. 605 мың теңгеге 37 келісім шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем 361 млн. 425 мың теңге.

Оның ішінде: аудандық бюджеттік бағдарлама әкімгерлері бойынша 2 млрд. 939 млн. 164 мың теңгеге 48 конкурс, 8 конкурс білім бөлімі бойынша 139 млн. 249 мың теңгеге жарияланды.

Аудан көлемінде іске асырылған ірі жобалардың мемлекеттік сатып алуларына тоқталатын болсақ, құрылыс жұмыстары бойынша – Сарышаған кентінде 150 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу, Жидебай ауылдық округінің Жалаңаш ауылына су құбыры желілерін салу. Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша – Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылы клуб үйі ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстары.

Жолдарды жөндеу жұмыстары – Ақтоғай-Шылым-Ақжарық автожолындағы су өткізгіш құбырларды ағымдағы жөндеу жұмысы, Кежек ауылына кірме автожолындағы су өткізгіш құбырларды ағымдағы жөндеу жұмысы, Ақтоғай ауылының Еркін Ел көшесіндегі автомобиль жолын орташа жөндеу, Нарманбет ауылының ауылшілік жолын орташа жөндеу, «Ақтоғай-Шылым-Ақжарық 43-53 шақырым учаскесі аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу жұмысы, Сарытерек ауылының Ақшкөл көшесіне көтерме жол жасау, Нарманбет-Айыртас автомобиль жолын ағымдағы жөндеу жұмыстары.

Сонымен қатар, бірқатар басқа да аудандық маңыздағы жолдарды күтіп ұстау, жол белгілерін орнату, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау қызметтері, күзет қызметтері, материалдық-техникалық жабдықтар сатып алу, ғимаратқа орта-

ша, ағымдағы жөндеу, абаттандыру жұмыстары бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіліп, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді. Бөлімнің инстаграмм парақшасы арқылы 2022 жылы атқарылған жұмыстар туралы 9 қаңтар 2023 жылы, 6 сәуір 2023 жылы, 4 мамыр 2023 жылы тікелей эфир өткізілсе, ZOOM қосымшасы арқылы бейнеконференция режимінде 2 мамыр 2023 жылы, 21 маусым 2023 жылы семинар өткізілді. 10 ақпан 2023 жылы бөлімнің ұйымдастыруымен «Эрудит Астана» оқыту орталығы мамандарының қатысуымен «2023 жылы мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына енгізілген өзгерістер» тақырыбында Ақтоғай ауылында семинар өткізіліп, 32 қатысушыға (ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандар) арнайы сертификаттар берілді.

Мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына және веб-порталына енгізілген өзгерістер туралы бөлім тарапынан барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне хаттар жолданып, аудан әкімінің, экономика және қаржы бөлімінің ресми интернет ресурсында тоқсан сайын жарияланып отырады. Сонымен қатар, «Agtogai ajaғу» Ақтоғай аудандық газетіне жыл басынан бері аудандағы мемлекеттік сатып алу бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде 3 рет мақала жарияланды. Бюджеттік бағдарлама әкімдерлерінің мамандары мен бухгалтерлері арасында іске қосылған әлеуметтік желі (ватсап) арқылы да түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Барлық конкурстық рәсімдер уақытылы жарияланып, келісім-шартқа отыру қадағалануда. Бөлім бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-15-92 сенім телефоны жұмыс жасайды.

«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ.



«Өсер елдің керегесі кең болар», – демекші ауылдың әлеуметтік әлеуетін таныстырмаққа жол бастаған округ әкімі Жантемір Құдайбергенов ең алдымен қазақы ауылдың қанаты кеңге жайылып келе жатқандығын тіліне тиек етті. Тұрғындар ауыз сумен толық қамтылған, «Теле2», «Билайн» ұялы байланысы, интернет

***Президент тапсырмасын орындай отырып...**

Ауыл – ел бесігі. Осынау алтын бесіктің құшағында тербелген тұрғындардың тұрмысы жайлы, береке-бірлігі жарасқан. Оған аударымызға қарасты Нүркен ауылдық округіне жасаған сапарымызда көз жеткіздік. Аумағына Ақсеңгір, Қаратап, Жидебай, Жалаңтос сынды елді мекендер кіретін, қаймағы бұзылмаған қазақы ауылдың іргетасы 1973 жылы қаланған. Кеңес кезінде төрт түлігі төсінде өріп, алқабынан алтын дән өнген аймақ бүгінде сәні мен салтанаты үйлесіп, заманға сай даму жолына түскен үлгілі ауылдардың бірі. Округті аралаған сапарымызда өңір аумағын мекендеген елдің тыныс-тіршілігімен танысып, ата кәсіпті нәсіп еткен қазақы ауылдың көркем болашағына көңіл қуантып қайттық.

екені заңдылық. Демек, ауыл мен қазақ ажырамас егіз ұғым. Сондықтан ауыл өмірі гүлдеп, тұрмысы өркендесе, шаруашылығы кең қанат жайса қазақ түлейді. Қазір ауыл шаруашылығын өркендету – округіміздің басты экономикалық бағыттарының бірі. Ауыл-шаруашылығы саласы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталайық.

Азық-түлік қауіпсіздігі қай елдің болмасын тәуелсіздігінің, еркін дамуы мен халқының әл-ауқатының артуының кепілі болып табылады. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылуда. Агро саланы дамытудың

округі бойынша ветеринариялық пунктте 2023 жылы басынан бірдейленген мал басы ірі қара мал төлі – 2712 бас, орындалысы 100%. Ұсақ мүйізді мал төлі – 9000 бас, орындалысы 100%, жылқы 602 бас, 100% орындалған, толықтай компьютерлік дерекқорға енгізілді.

Сібір жарасына қарсы ІҚМ – 6203, жылқы – 2278 және ұсақ мал – 13189 бас егілді, – дейді ауыл басшысы Ж.Құдайбергенов.

Ауылдың өркендеуі бүкіл елдің дамуы. Ауылдардың мәдени деңгейін басқа бір сапалық деңгейге көтеру – бүгінгі таңда Қазақстанда адам капиталын дамытудың ең басты бағыттарының бірі. Президент Жолдаудағы ең негізгі мәселе адам игілігі болып табылады және адамның бүгінгі таңдағы әлеуметтік келбетінің

Болашаққа нық қадам басқан ауыл

желісі іске қосылған. Қысы кеш, жазы ерте шығатын, малға жай бұл ауылдың негізгі күн көрісі төрт түлігі. Асыл тұқымды қой, Зеңгібаба төлін өсіріп отырған репродукторлы шаруашылықтарды да осы жерден табасың. Заман талабына сай ауыл іші көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Округ әкімінің айтуынша, биылғы жылға жаңадан ауылдың ішкі көшесіне КТП жаңарту үшін 8 млн. 140 мың теңге қарастырылған, әкімшілік сыртғын жаңарту жұмыстарына 10 млн. 952 мың теңге бөлініп, мердігермен келісім-шарт жасалып, жұмысы басталған. Сонымен қатар әкімшілік ғимаратының шатырын ауыстыру үшін 11 млн. 220 мың теңге қаржы бөлініп, бүгінгі күні жөндеу жұмысы басталыпты.

–Нүркен ауылдық округіне 2023 жылға 39 млн. 282 мың теңге қаралған. Орындалысы 100 пайыз. Көше жарығы – 1200,0, абаттандыру – 400 мың теңге, санитария – 400 мың теңге, күрделі шығындар –10 млн. 300 теңге, қардан тазалау –1 млн. теңге. «Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына 6 салық түрінен 26 млн. 188 мың теңге түсімдер түсті. Оның ішінде табыс салығы 90 000 (тоқсан) мың теңге, меншікті салық түрлерінен 2 млн. 133 мың теңге түскен. 23 млн. 924 теңге табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін түсті. Нүркен ауылдық округі әкімі аппаратына жеке және заңды тұлғалардан 10 өтініш түсіп, өтініштері 100 пайыз қанағаттандырылды. Аудан әкімінің «көріктендіру, көгеріштендіру, абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстарын өткізу туралы» Қаулысына сәйкес, ауылда іс-шаралар жоспары жасалынған. Елді мекенде күзгі және көктемгі көріктендіру, көгеріштендіру, абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары туралы екі айлық жоспарға сәйкес орындалуда.

Жүгі нарда, қазаны теңде дәурен құрған көшпелі қазақ үшін ауылдың орны қашанда бөлек, тұғыры биік

Бүгінгі күні ауылдық округте ірі қара – 8585 бас, қой-ешкі – 10843 бас, жылқы – 4409 басқа жетті. 2022 жылмен салыстырғанда жылқы саны 17%, Ірі қара 18%, қой-ешкі саны 15%-ға өскен. Ауыл шаруашылығы



техникасы паркін жаппай жаңарту – өзекті мәселе. Осыны ескерген мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына жариялаған Жолдауында ауыл шаруашылығына айрықша тоқталды. Агросекторды дамыту керек екендігін, әсіресе ауыл шаруашылығы техникаларының 80 пайызы тозғандығын, сондықтан жыл сайын жаңартып тұруды қолға алуды айтты. Президенттің тапсырмасы бойынша Нүркен ауылдық округінде бірқатар шаруалар атқарылуда. Ауыл-шаруашылығы техникаларын жаңарту мақсатында округке қарасты шаруа қожалығының жетекшілері 9 дана ауылшаруашылық техникаларын алды. Бүгінде құжаттар тапсырылып жауабын тосуда.

нақты бағыттары яғни, сүтті, етті мал шаруашылығын дамытып, экспортты арттыру міндеті тұр. Мұны сапалы орындаудың негізгі алғышарттарының бірі – мал тұқымын асылдандыру болып табылады. Елімізде малды

басқа бір сапалық деңгейге көшіру болып есептеледі. Біз сөз етіп отырған елді мекенде әлеуметтік сала бойынша жыл ішінде атқарылған жұмыстарын сөз етсек. «Кәсіп-нәсіп» дегендей, нүркендіктердің арасында кәсіпкерлікке бет бұрған жандар баршылық. Ауыл халқының табысын арттыру мақсатында «Жамбыл жобасы» бойынша жалпы 9 адам құжат тапсырған. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы «Бизнес бастау» жобасы бойынша 1 адам оқып, оның ішінен Қуанышбеков Бауыржан 1300000 теңге көлемінде грант ұтып алған. Аудан жастары арасында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында аудан әкімінің грантын Рақат Қасиет 1000000 теңге көлемінде наубайхана ашу жобасы бойынша ұтып алған.

– Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін бір-біріне деген сүйіспеншілік пен көмек. Қазіргі таңда елімізде бұл үрдіс кеңінен көрініс табууда. 2023 жылға «Ерікті жастар» тобымен қарт анамыздың үйін ақтау-тазарту жұмыстарына, отын жаруға мектеп оқушылары атсалысып, көрсетілген көмек түрлері әлеуметтік желіге уақытылы жарияланып отырады. Сонымен қатар ауылымыздың қарт аналарына арналып мерекелік концерт ұйымдастырылып, дастархан жайылды. 5 қарт адамға жеке әлеуметтік көмекші ұйымдастырылды.

Сонымен қатар 1 жұмыс орны ашылып, бүгінде жұмыс жасауда. Биылғы жылы барлық мемлекеттік мерекелер толығымен аталып келеді. Барлық атқарылған жұмыстар әлеуметтік желілерге жариялануда. Биылғы жылы 80 тонна көмір түсірілу жоспарында. Мәдениет үйінде 4 адам жұмыс жасайды. «Бүгінгі күн – кешегінің жемісі, ертеңінің болмысы», – дейді халық даналығы. Кез-келген елдің ертеңі – білімді де білікті жастардың қолында деп жүрміз. Мемлекет тарапынан елдің жарқын болашағы

(Жалғасы 7-бетте).

(Соңы. Басы 6-бетте).

саналатын өскелең ұрпақ озық ойлы азамат болып қалыптасуына, алаңсыз білім нәрімен сусындауына барлық жағдай жасалып отыр. Биылғы жылы Н.Әбдіров атындағы орта мектепте 72 оқушы білім алады. Жалпы мұғалімдер саны 30. Оның жоғарғы білімдісі 28, арнаулы орта 6. Биылғы жылға әлеуметтік әлсіз, толық емес



отбасы тобына жататын 25 балаға 12 отбасына 40 мың 300 теңге көлемінде қаржылай ақша берілді. Айтпақшы, оқушыларды кәсіби біліктілікке баулу мақсатында Кеңес Одағының батыры Нүркен Әбдіров атындағы

мектепте оқу-өндірістік шеберханасы іске қосылған. Шеберхана кесу, құрау, сызу тағы басқа станоктардан бөлек арнайы киімдермен, қорғаныс құралдарымен жаракталған. Жоғарғы сынып оқушылары шағын цехта еңбек сабағында мектеп жиһаздарын жасауды меңгеруде. Бастауыш сынып кабинеттеріндегі парта, орындықтар осы шеберханада оқушылардың

қолымен жасалған. Сондай-ақ, акт залындағы мінбер мен столдар, информатика сыныбының жиһаздары да оқушылардың арқасында толығымен жаңартылған. Нүркен ауылдық округі бойынша құқық бұзушылықтың,

кылмыстылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтың жолын кесу мақсатында, профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Ауыл тұрғындарына, барлық шаруа қожалық жетекшілеріне мал ұрлығын болдырмау мақсатында ұсыныстар таратылып, сырттан келетін жұмыскерлерді арнайы дәргерлік тексеруден өткізіп, олармен еңбек келісім-шартын жасау, аудандық ІІБ-не тіркету қажет екені айтып, жеткізілді. «Бірінші байлық – денсаулық» демекші, ауыл тұрғындарына ақ халатты абзал жандар медициналық қызмет көрсетеді. Ауылдық округ бойынша Ақсеңгір, Қаратал, Жидебай, Жалаңтөс елді мекендерінде Нүркен ауылында медициналық пункт жұмыс жасайды. Адам өмірінің арасасы саналатын елді мекендегі 3 медицина қызметкерлері жұртшылықтың алғысына бөленіп, ризашылықтарын алуда. Жыл басынан 105 балаға, 60 ересек адамға тұмауға қарсы вакцина салынды. 2023 жылы барлығы 1685 шақырту түсіп, 15 науқасқа алғашқы медициналық көмек

көрсетілді. 2023 жылы 4 бала дүниеге келіп, бала өлімі, туберкулез және онкологиялық аурулар тіркелген жоқ. 2023 жылы ауыл тұрғындары 100% пайыз скринингтен өтті. 14 адам есепке алынып, оның ішінде 70 адам дәрілерін тегін алып отыр. Флюорографиядан өту жоспар бойынша орындалды. Есептегі

балалар саны 12. Оның ішінде 5 бала мүгедектік алады. Барлығы дәрі-дәрмекпен қамтылған, – дейді Ж.Құдайбергенов.

Ауыл әкімінің айтуынша атқарылған жұмыстар жетерлік, алайда әлі де ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамуын ілгерілетуде біршама жұмыстар жоспарланып отыр. Округті аралаған сапарымызда ауылдастардың қауымдасып істеген тұщымды тірліктеріне куә болдық. Ауыл



шаруашылық саласында өңірдің жарқын келешегіне бастар кешенді жобалардың қолға алынып жатқанына көзіміз жетті. Қысқасы, қазақы ауылдың жаңа келбетіне көз тояды, тірлігі де берекелі. Ауызбірлігі бар ауылдастардың алдағы игі істеріне ақ жол тілеп қайттық.

***Халық табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы**

Еті мәрмәр «Геррефорд»

Соңғы жылдары Ақтоғай ауданы көлемінде егістік алқаптарын пайдалану үрдісі жоғарылап келеді. Мал шаруашылығын дамытудың бірден-бір кепілі – оны мол азық қорымен қамтамасыз ету. Үкімет мұның да жолын жан-жақты қарастырып, тетігін шаруалардың қолына ұстатып отыр. Ал, малдың азық базасын қамтамасыз етудің төте жолы – екпе шөп өсіру. Міне, осыны түсініп, мықтап ойға түйген бірқатар шаруа қожалықтары кейінгі жылдары малға қажетті сапалы мол азық қорын дайындау мақсатында көп жылдық шөп егу ісін қолға ала бастады. Солардың бірі – Нүркен ауылына қарасты «Ынтылы» шаруа қожалығы.



Қазіргі таңда Ырысбек Тілеуқұлов басқаратын «Ынтылы» шаруа қожалығы 300 гектардан аса алқапқа көп жылдық шөп егіп отыр. Егіс алқабын одан әрі ұлғайтып, қожалығын мол азық қорымен қамтамасыз етуді жоспарға қойған.

Сонау тоқсаныншы жылдары белді бекем буынып, ұжымнан өз алдына жеке шаруа қожалығы болып бөлінген Ырысбектің бүгінде ырысы еселенген. Жалпы қожалықта 250 бас ірі қара, 600

бас қой малы бар. Қиюын қиыстырып салған қора-жайы, үкіметтік бағдарламалар арқылы жаңарған ауыл шаруашылық техникалары қожалық жетекшісін шаруа адамы екендігін аңғартады. Төрт түлігін төлежітіп отырған қожалық бүгінде үкіметтік бағдарламаларға иек артуды құп көрген. Мұнда етті-сүтті бағыттағы қазақтың ақбас сиыры, геррефорд асыл тұқымды ірі қара малын өсіруге шындап ден қойған. Өз жұмысының қыр-сырымен таныстырған шаруа қожалығының басшысы Ы.Тілеуқұлов

не себепті «Геррефорд» ірі қара тұқымымен айналысқанын айтып өтті. –Кез-келген климаттық жағдайға оңай бейімделетін және жоғары сапалық қасиеті бар «Геррефорд» тұқымы – төзімді және денсаулығы мықты. Аталған ірі қара тұқымы айналадағы жағдайға бейім және еті «мәрмәр». 12 ай ішінде бордақыланған сиырдың салмағы шамамен 290 кг, ал бұқа 340 кг болады. 18 ай ішінде мал тағы 100 кг салмақ қоса алады. Сондай-ақ, олар кез келген жағдайға тез бейімделетіндігін атап өтуге болады. Төлінің өлім-

жітім көрсеткіші төмен, олар бұзау кезінен төзімді болып келеді. Егер бұзаудың асты құрғақ болса, онда суық тимейді. Табын ұзақ жол жүре алады. Жайылымда кез-келген шөпті, соның ішінде қатты және арам шөптерді жей береді. Соның нәтижесінде ет сапасы жоғары болып келеді және де ірі қара қолайсыз жағдайларда да салмақ қоса береді. Жақсы төлдейді. Ал, мал өсіріп, қыстан қысылмай шығу үшін ең бастысы, оның жем-шөбі. Өздеріңіз көріп тұрғандай, осынша малға қажетті жем-шөп қорын дайындау оңай емес. Биылғы жылдан бастап, қожалыққа тиесілі түбірінен жақсартылған жерлерге көп жылдық шөп егуді тәуекел деп қолға алдық. Келер жылы бұл алқаптан мол өнім алынады, – дейді шаруа қожалығының жетекшісі.

Иә, «Еңбегіне қарай өнбегі» деген. Санға емес, сапаға жұмыс жасау уақыт талабы. Сондықтан, қараң-құраң басы бар, мол өнім беруге қауқарсыз мал тұқымынан арылатын кез жетті.

**Думан ҚАБЫЛ,
Нүркен ауылы.**



Ауылдардың өркендеуі дамудың даңғыл жолына бастайды

Арқаның алтын алқасы саналатын Ақтоғай – иісі қазақ ұлысының ірі тарихи және мәдени орталығы десек қателеспейміз. Ағаш уықты, киіз туырлықты қазақ баласының қара шаңырағына баланған Ақтоғай ауданындағы тындырымды тірлігі, берекелі бірлігі, еселі еңбегі аймаққа танымал. Ұлт бағына туған ұлы тұлғалары бар елді мекендердің бірі

көз қуантарлық. Жолдары жаңарып, көшелері көркеюде. Әр үйге «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша су кірген. Ұялы байланыс желісі тартылып, әр үй интернетпен қамтылған. «Жол картасы–2020» бағдарламасы аясында ауылымыздың орталық көшесіндегі көтерме жолдың үстіне асфальт салынған. Ауылдық клуб үйіне жергілікті бюджет есебінен ағымдағы

зыларай ауылының құнарлы топырағы түрлі ауылшарушылығы өнімдерінің жайқала өсуіне мол мүмкіндік береді. Бүгінде алқабы егінге, төскейі төрт түлікке толған құт мекенде 58 шаруа қожалығы тіркелсе, оның 28 өңірдің әлеуметтік әлеуетінің артуына өзіндік үлес қосып келеді.

Е.Мұқашев басқарып отырған «Арай», Е.Нұртазин жетекшілік ететін «Ерасыл» шаруа қожалықтары мал шаруашылығымен қоса егін егіп, қамбаны астыққа толтырды. Жалпы ауылшаруашылық мақсатында пайдаланып отырған жер көлемі 109595 га. Мұның 318 гектары егістік болса, 4812 га шабындық, жайылымдық жер 91595 га. Түбірімен жақсартылған жайылымдық жер 8313 гектарды құрайды.

2023 жылдың 1 шілдесіне тіркелген мал басы ірі қара – 6529 бас, ұсақ

Ауыл шаруашылығын дамыту бағытында машина-трактор паркін жаңарту маңызды мәселе. «Ауыл шаруашылығын технологиялық тұрғыдан қайта жабдықтауды қолдау тәсілдерін мұқият қарауымыз қажет. Агроөнеркәсіп кешені қолданатын технологияның шамамен 90 пайызы әбден ескірді. Оны жаңарту керек», – деп атап өтті Президент. Бүгінгі күнге ауылдық округ шаруашылықтарының ауылшаруашылығы техникалары «Қазагроқаржы» мекемесі арқылы, лизингпен біртіндеп жаңартылып жатыр. 2023 жылы 3 дана ауылшаруашылығы техникасы алынды, яғни жылдық жоспардың орындалысы 50%.

57 млн. 300 мың теңге инвестиция ретінде есепке енгізілді. Мал азығын құнарландыру, сапасын арттыру мақсатында шаруа қожалықтарына жерлерін тиімді пайдалану, бос



Қызыларай ауылдық округі.

Қызыларай – «Мұзарт шың, түү биікте тұлғаланған, Бір көру дидарыңды тұлғалы арман», – деп ақын С.Ақсұңқарұлы жырға қосқан Ақсораң тауының баурайындағы қыдыр дарып, құт қонған киелі мекен. Өңгімеге арқау еткен елдің арғы-бергі тарихын қозғасақ мақаламызға сыйғызса алмасамыз анық. Арқадағы бес қазылықтың бірі саналатын Қызыларай топырағында Алаш арысы Әлімхан Ермеков, Ақбайдың Жақыбы туған. Бұл өлкеде әйгілі аспан асты елі өнерін бағалаған ақын-әнші-сазгер Әсет Найманбайұлы дүние есігін ашқан, баяғы Лена қырғынына қатысушы Уғар Жәнібеков, халық ақыны Ғабдиман Игенсартовтың кіндік қаны тамған. Қарағанды өңірінде 1939 жылы бірінші болып Ленин орденімен марапатталған ұстаз Әбдірахым Смағұлұлы, асылдың сынығы, атақты ғалымдар Мағауия мен Мүсілім Ермековтер, атақты суретшілер Сахи Романов пен Қалқаман Тілеуханұлы, сондай-ақ, қазақ поэзиясының бірегей өкілі Ақсұңқардың Серігі түлеген.

Біз таяуда тілшілік сапарымызда аудандағы агросекторды дамытып отырған аталмыш іргелі елді мекенде болып, сан-саланың түрленіп, аталған өңірдің алғы күндерге аршынды қадам басып келе жатқанына куә болып қайттық. Мамыражай күйдегі ауылдың бүгінгі хал-ахуалы, қам-қарекеті

жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Әлемдегі ең маңызды даму көрсеткіштерінің бірі – инфрақұрылым. Өйткені, аталған сала экономиканың қарқынды өсуіне серпін беретін негізгі күш саналады. Жақынғы жылдардан бері еліміздегі «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы көптеген елді мекендерді сапалы жолмен, жарықпен, ауыз сумен қамтамасыз етуге мол мүмкіндік беруде. Қызыларай ауылдық округінің тыныс-тіршілігін таныстырмаққа сөз алған округ әкімі Серікбол Спанов жыл ішінде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– 2023 жылдың 7 айы бойынша ауылдық округ әкім аппаратының бюджеті 35 млн. 076 мың теңге. Игерілген қаржы 34 млн. 874 мың теңге, бюджеттің орындалысы 99,5% құрады. Оның ішінде, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге 30 млн. 125 теңге, коммуналдық шығындар, яғни көшелерді жарықтандыруға – 3 млн. 438 мың теңге, елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету – 268 мың теңге, абағандыру және көгалдандыру жұмыстарына – 672 мың теңге, қысқы уақыттағы жолдар тазалығына 558 мың теңге. Өткен кезеңге бюджет игеру ай сайын жоспарға сәйкес мақсатты, толығымен орындалды.

Бүгінде ауылшаруашылығы – округ экономикасының негізгі тірегі. Қы-



мүйізді мал – 9887 бас, жылқы – 3179 басқа жетіп отыр. Саннан көрі сапаға мән берген 19 шаруа қожалығы ірі қара малының аналығын тұқымдық түрлендіру бағдарламасына қатысып отыр. Бұл бағытта 2023 жылы ірі қара малының сапалық құрамы мен өнімділігін көтеруде ауылдың шаруа қожалықтарымен тиісті деңгейде жұмыстар ұйымдастырылып, тұқымдық түрлендірудің «Сыбаға» бағдарламасы мониторингінде 1973 бас қатысып отыр, яғни жоспардың 101%. 2022 жыл 1 қаңтарға есептелген 2614 бас ірі қара аналығына шаққанда орындалысы 75,4% қамтып отыр. С.Оспанқұлов жетекшілік ететін «Темірлан» шаруа қожалығы өз қаражатына 25 бас қазақ ақбас тұқымды аналық ірі қара мен 1 бас асылтұқымды аталық малдарын әкеліп, асылдандыру жұмыстарымен айналысуда.

жатқан көпжылдық шөп алқаптарын біртіндеп жаңғырту, пайдаланылмай жатқан егістік жерлерге көпжылдық шөп қоспаларын егу сияқты жұмыстар ауыл тұрғындары мен шаруа қожалықтарына түсіндіріліп, жер учаскелерін тиісінше пайдаланбай отырғандарына жауапкершіліктері ескертіліп отыр.

Халқымыз ежелден мал бағуды негізгі кәсібі еткен. «Малы саудың – жаны сау», «Ауру – астан» дейтін қазақтың өмірлік қағидасы да осы ұғыммен астасып жатыр. Ал, сол малдың саулығына кепілдік беретін бірден-бір сала – ветеринария. Ауылдық округтегі ветеринариялық іс-шаралардың орындалысын сөз етсек, жыл ішінде жоспарланған міндетті ветеринариялық рәсімдер (оның ішінде вакцинация, профилактика

(Жалғасы 9-бетте).

*** Халық үніне құлақ асатын үкімет**

(Соңы. Басы 8-бетте).

егу, қан алу, бірдейлендіру, дереккор базасына енгізу, жалпы эпизоотиялық іс-шаралар) толығымен орындалды. Бруцеллез ауруы анықталған мал иелерімен жұмыстар жүргізілді, бруцеллез ауруы анықталған мал бастары толығымен жойылды.

Бүгінде шағын және орта бизнес жұмыспен қамтуға жол ашатын, бюджет кірісін молайтуға мүмкіндік беретін сала ретінде қаралады. Соңғы жылдары округте шағын және орта бизнестің тамырына қан жүгіріп келеді. Алда бұл сала тіптен қарқын алады деп күтілуде. Есепті жылда 19 жеке тұлға Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында жеке кәсіпкер болып тіркелген. Оның ішінде бөлшек сауда қызметі бойынша – 3, мал өсіру – 16. Бағаны тұрақтандыру бағытында әлеуметтік маңызды 19 түрлі азық-түлік бағасын негізсіз көтермеу туралы меморандумдар жасалып, кәсіпкерлерді ауылдық округті абаттандыру, сәулеттендіру

жөк. Жедел қызмет көрсету көлігімен қамтамасыз етілді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл орталығында жаңа ФАП ғимаратының құрылысы жұмыстары басталып, жүргізіліп жатыр.

Ақжарық ауылдық клуб үйі жұмысы біріздендірілген, мәдени шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып, өткізіліп отырады. Дана Абай: «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», деп білімсіз адамның күні қараң, жолы тұйық екенін айтып кетті. Ал, идеологиясыз мемлекет – мүгедек десек, оның түп бастауында кітапхана тұрғанын анық. Ауылдық округте заман талабына сай үлгілі кітапхана жұмыс жасайды. Өз оқырмандарына жаңадан шыққан кітаптармен, газет-журналдармен уақытылы қамтамасыз етіп, ауылдың рухани тәрбиесінде өзіндік орны бар кітапхананың жұмысы қанағаттанарлық.

Бүгінгі күні ауылдық округ бойынша ауыз су, телефон, ұялы байланыс қалыпты түрде жұмыс

Әйтсе де мұның астарында қоғам өмірінде болып жатқан мәселелерге атүсті қарамай, мемлекеттің әрбір көмекке зәру жандарына қолұшын созу жатыр. Ауылдық округтегі әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелерін тілге тиек етсек, есепті мерзімде жұмыссыз ретінде тіркелген 23 адамның 10-ы уақытша

естен шығармай, оған өзін мәңгілік қарыздармын деп есептейтіні ақиқат. «Туған жер» бағдарламасы осыған үндейді. Осы орайда, туған өлкесінің өркендеуіне, көркеюіне өздігінен үлес қосып жүрген қызыларайлық аптал азаматтардың жарқын бастамалары көңіл қуантады. Осы мақсатта ауыл басшысының айтуынша Қызыларай



және маусымдық жұмыстарға орналастырылды. Қоғамдық жұмысқа қамтылғандар саны 10 адам. Мемлекеттік атаулы көмек алатын отбасылар жоқ.

Жыл ішінде 3 әлеуметтік қызметкер ауылдық округтің 16 қартына үйден қызмет көрсетуде. «Күміс жас» бағдарламасы бойынша 4 жұмыс орыны құрылған. Ауылшаруашылығын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы аясында 4 жұмыс орны құрылды. Жастар тәжірибесі бойынша 5 ЖОО түлегін жұмысқа тарту бойынша өтінімдер беру жұмыстары ұйымдастырылды.

Мемлекеттік жастар саясаты – қоғамның стратегиялық ресурстарының дамуының маңызды бағыттарының бірі. Болашақтағы Қазақстанның жолы жас ұрпақпен тікелей байланысты. Бүгінгі күні жастар өзінің әлеуетін жүзеге асыру үшін жаңа мүмкіндіктерге ие. Осы үшін кәсіби мансаппен тұлғалық өсу қалыптастыруда тең мүмкіндіктер құрылууда. Жастар мәселесі еш уақытта назардан тыс қалған емес. Ауыл жастары үнемі ауылдық округ бойынша өткізілетін әр түрлі шараларға белсенді атсалысып отыр.

Қоғамдық саяси ахуал және қауіпсіздік. Жалпы ауылда қоғамдық саяси ахуал тұрақты, дәстүрлі емес діни бағыттағы ұйымдар тіркелмеген. Бекітілген бағдарламалар аясында мәдени-ағарту шаралары өткізіліп отыр. Ауылдық округ бойынша қоғамдық тәртіп тұрақтылығын сақтау мақсатында 1 учаскелік полиция қызмет етеді. Учаскелік полиция қызмет орны, телефон байланысы, автокөлік жағдайларымен толық қамтамасыз етілген, – дейді ауыл әкімі С.Спанов.

«Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары». Туған топырақты қастерлеу – қазақ халқының ата-бабадан жалғасқан салты. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», – деген дана халқымыз. Осы қағиданы ұстанған әр адам атамекен – алтын бесігін



ауылының қоғамдық мәдени өміріне, абаттануына демеуші тарту жұмыстары да тұрақты жолға қойылған.

–Ауыл азаматтары көмегімен ауыл іргесіндегі өзенге бір көпір, қыстақтарға қатынайтын жолдарға екі көпір салынды. Ауыл саябағына орындықтар, ауыл жерінің шекарасына көрнекілік суреттер ілініп, барыс мүсіні орнатылды. Қызыларай атаулық жазуы жазылды. Сондай-ақ, мектептің жекелеген кабинеттеріне жөндеу жұмыстары ауылдастар демеушілігінің арқасында жасалып, биылғы жылға 4 кабинетті жөндеу жұмыстары жоспарланған. Ауыл азаматы Б.Әділовтың басшылығымен ауыл халқының демеушілігімен басталған мешіт құрылысы жұмыстары аяқталуға жақын. Биылғы 2023 жылы қолданысқа беру жоспары бар, – деді ауыл басшысы.

Әңгіме барысында жыл көлемінде атқарылатын жұмыстар легін баяндаған ауыл әкімі агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың бағдарламасы бойынша негізгі индикативтік жұмыстардың толық орындалуы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, мектеп оқушыларының санын арттыруға жұмыстар ұйымдастыру мен ауылды абаттандыру және сәулеттендіру жұмыстарын жүргізу сынды алда тұрған межелі міндеттерді жасырып қалмады.

Дамудың даңғыл жолына қадам басқан аядай ауылдың шаруашылығы бүгінде шалқи түсуде. Тірлігі тынысты, топырағы ырысты өңірдің қандай істің болсын көзін таба білген қызыларайлықтардың еңбектері ерен. Құт дарып, қасиет қонған өлкенің тарихта өз орнын алып, ғасырлар бойы ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруы мәңгілік елдің жарқын болашағының кепілі болмақ.

Біз де жақсылыққа жаны құмар жандарға жарқын өмір тіледік.

**Думан ҚАБЫЛ,
Қызыларай ауылдық округі.**

***Мәдени мұра**

«Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басудың бір тетігі – мәдениет қызметкерлерін қолдау деген сөз. Елдің рухани дамуы мен кемелденуі мәдениеттің қарқынды дамуымен ұштасып жатыр. Құлақтан кіріп бойды алар тәтті әуен мен күмбірлеген күй, әуезді әуенмен үйлесім тапқан ырғақты би, рухани байлық сыйлайтын театр, кітапхана бәрі де осы мәдениет ұғымы аясында бірігіп, елге қызмет етіп келеді. Еліміздің атын шығаратын да – мәдениет пен өнер. Мәдениетке серпін беру шындығында да қажет».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауынан.

Мәдениеттің мәйегі – ауылдық клуб

Қай кезеңде де қай елде болмасын мәдениет пен өнер – халықтың рухани болмысының айнасы, бағдарлы болашағының бастауы. Өркениетке қол созған еліміз үшін экономикалық өсіммен қатар елдің рухани бай құндылықтарын да дамыту мәселесі қолға алынды. Заманауи жабықталған мәдениет ошақтары салынып, ел

Жежек ауылдық клуб үйі. Ақпарат саласының өкілдері жаңалықтың жаршысы ретінде ел ішінде бармаған жер, баспаған тауы қалмай, жақсыға еріп, жаманнан жеріп, құндылық атаулыны теріп жүретіні баршаға мәлім. Осындайда байқағанымыз Жежек ауылдық клуб үйінің құнды мұраларымызға

мектеп оқушылары мен жас мамандармен өткізіледі. Ауылдың студент жастарының демалыстарын тиімді пайдалану мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Сондай-ақ, жастар әр деңгейдегі байқауларға қатысып жүлделі орындардан көрініп келеді. Соның бірі Файд Ерсұлтан Алғыс айту күніне орай облыс төрінде өткен «Туған еліме мың алғыс» атты байқауға қатысып, дипломант атанды. Сонымен қатар аудандық мәдени бос уақыт өткізу

үндейтін мейрам. Бұл ретте ауыл азаматтарының демеушілігімен үлкен іс-шара өтіп, ауыл тұрғындары отбасылық спорттық ойындардан сайысты. «Жұмысы жоқтық, қарыны тоқтық, Аздырар адам баласын» (Абай) демекші, түрлі жаман әдеттер баланың селтендеп бос жүргенінде үйір болатыны анық. Бос уақыты жоқ үнемі пайдалы дүниеге әуес жасөспірімнің түрлі зиянды әдеттерден аулақ болып, тұлғалық қасиеттері



игілігіне берілуде. Түрлі бағдарлама негізінде елдің мәдени білімін тереңдету, ең бастысы ел дамуы үшін бұл саланың озық деңгейде дамуы қарастырылып отыр. Өнер мен мәдениет егіз ұғым. Бір-біріңсіз жетімісіреп тұратындай. Мәдениеттің мәйегі өнер арқылы дәріптеліп, халықтың құлағына жетіп жатады. Осы орайда, төскейінде берекенің қазаны қайнаған, босағасына бақ пен береке ұялаған, ақындық пен жыраулықтың ақ бесігі саналған қасиетті Ақтоғай жерінде мәдениет пен өнерді дамыту саласында игі істер атқарылып жатыр. Бұл ұлттық дәстүрді дамыту, өнерді өнеге тұтқан елдің рухани дүниесін байыту мақсаттарын көздейді.

Ақтоғай ауданында мәдениет саласы бойынша бүгінгі таңда 20 клуб үйі, 2 «Зерде» бейнемобилі жұмыс істейді. Аудан бойынша балалар мен жастардың және ересек тұрғындардың уақытын тиімді әрі пайдалы өткізу, жастар арасында қоғамдық-рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында аудандық мәдениет үйі мен ауылдық клуб үйлерінде би, домбыра, көркемсөз, қолөнер және тағы басқа үйірмелерден дәрістер беріледі. Бүгінгі таңда Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына қарасты ауылдық клуб үйлерінің жандарында жас ерекшеліктері бойынша 83 үйірме жұмыс жасайды. Ауылдың рухани дамуына зор үлес қосып отырған осындай мәдениет ошағының бірі –

жанашырлықпен қарап, қайткенде соны жас ұрпақтың бойына дарыта алар екенбіз деген ынталы талаппен шырайлы шаралар ұйымдастырып, ұтымды идеяларға түрен салып, тыннан тақырып тауып жүретініне куә болып келеміз. Жалпы мәдениет ошағының жұмысын ұшпаққа шығаратын басты тұлға – оның жетекшілері десек, аталмыш ауыл мәдениет саласының жұмысының бағын жандырып келе жатқан Мұқан Шалқар Әсетқызын айтуымызға әбден болар еді.

Елді мекен тұрғындарының бос уақытын тиімді пайдалануда жүйелі жұмыс жасап келе жатқан Шалқар Әсетқызына жолығып, клуб үйінің жыл ішінде атқарған жұмыстарын білу мақсатында сөз тізгінін ұстаттық.

– Барлық ауылдық клуб үйлеріне тапсырма бірдей беріледі. Бәрінің де күні бұрын әзірленген жылдық, тоқсандық жоспарлары бар. Ауыл жастары, жас мамандармен жыл басталғалы әртүрлі тақырыптарда пікір алмасу мақсатында дөңгелек үстел өткізіліп тұрады.

Жырларында бір тылсым күдірет бар, оқырманымен ақтарыла, егіле сырласатын Хан тәңірінің мұзбалақ ақыны деп бағаланған Мұқағали Мақатаевтың биыл туғанына 95 жыл. Ақын мерейтойына орай жылдағы дәстүр бойынша «Сағынады Мұқанды сыздап жүрек» атты поэзиялық кеш ұйымдастырылды. Ауылымыз шағын болғандықтан, көбіне шараларымыз

орталығының балалар байқауына «Көркемсөз», «Хореография» бөлімдері бойынша Амангелді Данагүл, Мейірбек Інкәр қатысты. «Көркемсөз» номинациясы бойынша жүлделі I орынды иеленіп, облыстық байқауға жолдама алсақ, Мейірбек Інкәр «Үздік өнері» үшін марапатталды. Сондай-ақ, «Жаңа есімдер» атты облыстық көркемсөз додасында Амангелді Данагүл «Алғыс хатпен» марапатталды. 5-8 жас аралағындағы аудандық өн байқауында Саят Айсәуле 3 орын иеленді. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында 9-11

жасындағы балалар байқауына қалыптасады. Қоғаммен араласып, өзін сол қоғамның бір мүшесі екенін сезініп, елдің дамуына үлес қосуға, адал еңбек етуге дағдыланады. Ондай баланың болашағы жарқын болары анық. Осы мақсатта ауылда «Домбыра», «Дойбы», «Драма» және «Қызғалдақ» би үйірмелері жұмыс жасайды. «Нашақорлық-қоғам дерті», «Сыбайлас жемқорлық» тақырыптары мектеп оқушылары, тұрғындарға дөңгелек үстел басында кенінен насихатталды. Таяуда Халықаралық карттар күні қарсаңында ардагерлерге ауыл әкімі аппаратымен бірге мерекелік сыйлық жасалды. Ал, ұстаздар



жас аралығында ауыл ішілік байқау ұйымдастырылды. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз дана халқымызда қашанда еңсесі биік елдіктің, іргесі сәгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі. Көктің тынысын тындап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жақсылықтың жаршысы, құт-береке бастауы, ырыс пен молшылықтың арқауы деп бағалаған. Көгілдір көктемнің жан жадыратар жұпар иісі мен шуағын өзімен бірге ала келетін Наурыз мерекесіне орай Жежек ауылында «Қош келдің – Әз Наурыз» атты ауыл азаматтарының ұйытқы болуымен клуб үйінде ауқымды шара болды. Шара аясында ұлттық ойындарға кезек беріліп, лотерея иесі анықталды. 9 мамыр Ұлы Жеңіс күні жылда өзіндік сән салтанатымен аталып өтеді. Халықаралық балалар күні әлемнің түкпір-түкпіріндегі балаларға қуаныш сыйлайтын мейрам ғана емес, кішкентай балалардың құқығын қорғап, оларға қамқор болуға, әлімжеттік, қысым жасамауға

мерекесіне орай «Ұстаз – ұлы тұлға» аты мерекелік концерт өтті. Осы ретте мәдениет саласының дамуына, жан-жақты қызмет жасауына қолдау көрсетіп келе жатқан аудан, ауыл әкімдігіне, өнер сүйер ағайынға барша мәдениет саласы қызметкерлері атынан зор алғысымды білдіремін, – дейді Ш.Мұқан.

Жоғарыда айтып өткендей ауыл әкімі аппараты қызметкерлері, мектеп ұжымымен «қоян-қолтық» араласып, бір жағадан бас шығара жұмыс істеп жатқан клуб үйінің аядай ауылда атқарған жұмысы ауқымды. Салт-дәстүрлерімізді, яғни ұлттық коддымыз бен мәдениетіміздің құндылықтарын сақтау, жандандыру бағытындағы жұмыстарды және ұлы тұлғаларымызды қастерлеп, өнегелі өмірлерін насихаттап, тұрғындарға аталған саладағы барлық жаңалық пен жаңашылдықты дер кезінде жеткізіп отырған мәдениет ошағының жарқын бастамаларына риза болып, жұмысына табыс тіледік.

**Думан Амангелдіұлы,
Жежек ауылдық округі.**

Дінаралық татулық адамзат құндылығы

Бүгінгі таңда Қазақстан этносаралық және конфессияралық келісімді татулық пен бейбітшілікті сақтауда әлем елдеріне үлгі болып отыр.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында бұл саясаттың тиімділігін көрсетіп, оның бүкіл адамзат қауымының дамуындағы халықтардың өзара қарым-қатынас мәдениетінің қазақстандық үлгісінің қажеттілігін танытты. Халықтардың өзара қарым-қатынасы мәдениетінің қазақстандық үлгісі – бұл қоғамдағы шиеленістік, қақтығыстық жағдайды жеңу ғана емес, сонымен қатар, оның болашақта ұзаққа созылған қарсылық пен мәңгілік жек көрушілікке ұласып кетпеуінің алдын алу болып табылады. Конфессияралық келісім – қазақстандық қоғамның тарихи жетістігі. Дінаралық татулық әр кезде де қоғамның бейбітшілікті қамтудағы кепілі. Соның ішінде зайырлы мемлекеттерде қауіпсіздік пен бейбітшіліктің көрінісі конфессияралық татулық болып табылады. Конфессияралық татулықты негізгі ұстаным еткен біздің мемлекетіміздің саясаты жаһандану дәуірінде аяғын нық басуда. Конфессияралық татулықтың маңыздылығы өте зор, себебі ұлттар мен ұлыстардың әр алуандылығы адамзаттың бейбіт күнде алаңсыз өмір сүріп, ұрпақ әкелуіне басты кепіл бола алады. Әсіресе, зайырлылық принципі орнаған мемлекеттерде түрлі дін өкілдерінің бір тудың астында бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ету мемлекет саясатының дінаралық татулықты орнатуда маңызды қадам жасауын қажет етеді. Расында да, Президентіміз атап өткендей тағдыр тоғыстырған қазіргі қазақстандық қоғамдағы түрлі ұлттар мен ұлыстар, мәдениеттер мен этностардың арасында орнаған дінаралық татулық бүгінгі күніміздің бейбітшілігін қамтамасыз етіп отыр. Бірінші орында тұрған қауіпсіздігіміз дінаралық татулық, толеранттылықсыз жүзеге асуы

екіталай еді. Себебі, діннің қоғамда, жалпы адамзат өмірінде алар орны ерекше және күн өткен сайын дінге бет бұрушылардың саны артуда. Сонымен қатар діннің бір түрі емес оның алуандылығы, олардың ұстанымдары мен сенім түрлерінің бір жерде ұштаспауы дінаралық дау тудырып, төзімсіздікке әкеліп соқтырған мысалдары да аз емес. Қауіпсіздікті елдің бірінші басты мәселесіне қойған біздің еліміз дінаралық татулық, толеранттылық ұғымдарына аса зор мән беріп халық арасында бұл ұғымдарды уақытылы енгізуі мемлекет саясатының көрегенділігін көрсетеді.

Дінаралық татулық тұғырын берік етуде мемлекет басшысы қоғамда діннің өсіп отырған рөлін толық сезінетін саясаткер ретінде, әлемдік және дәстүрлі діндер форумын елімізде үш жыл сайын әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өткізілуде. Әлем және дәстүрлі дін лидерлері арасындағы келіссөз өзара ынтымақтастық үшін кең болашаққа жол ашып, біздің заманымыздың қасіреттері: фанатизм, зомбылық, экстремизм мен терроризм сияқты теріс көріністерді болдырмауға септігін тигізетінін бағамдаған. Съездердің жалпы мақсаты әлемдік және дәстүрлі дін нысандарында жалпы адами бейіндерді іздестіруге, дін келіссөзін жүзеге асыру және келісілген шешімдер қабылдау үшін үнемі әрекет ететін халықаралық конфессияралық институт құруға негізделді. Съездер барысында өркениеттер, конфессиялар, елдер мен халықтар арасында құрылымдық келісімді нығайту мен келіссөз орнату жолында батыл қадамдар жасалды. Сонымен қатар осындай маңызды алуан іс-шараның үнемі ұйымдастырылып отыруы еліміздің дінаралық татулық алаңына айналғанын байқатады.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.

*Қазақстан – 2050: денсаулық стандарты

Аурудың алдын алайық

Ақтоғай ауданында соңғы 5 жыл ішінде жыл сайын мыңға жуық адамдар жоғарғы тыныс жолдарының вирусты инфекциясымен және тұмаумен ауырса, олардың басым көпшілігі 14 жасқа дейінгі балалар болып отыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мәліметтері бойынша, биылғы эпидемиологиялық кезеңде республикамызда тұмаудың А/Н1Н1 және В түрімен қосылған А/Н3Н2 түрлерінің жайлайтынын болжап отыр. Әсіресе, тұмаудың А/Н1Н1 түрі басымырақ болатындығы және ауқымды эпидемиялық жағдай тудыру қаупі бар екендігі дәлелденіп отыр.

Негізінен тұмау – бұл ауа-тамшылы жолмен берілетін, вирусты жедел жұқпалы дерт. Тұмау асқынуымен қауіпті. Бұл, әсіресе, жас балалар үшін ерекше қатерлі ауру. Өрбір күз және қыс айларында өдеттегідей тұмауға ұқсас жұқпалы дерт бой көтереді.

Тұмаудың алғашқы белгілеріне келсек, дене қызуы жоғарылап, 38-39°C көтерілуі байқалады. Дене бұлшық еттерінің, сүйектерінің сырқырауы, бас ауруы, әлсіздік, түшкіру, құрғақ жөтел, кей жағдайда көздерінің қызаруы болады.

Тұмаудың алдын алудағы ең тиімді әдіс, ол – індет басталмастан бұрын тұмауға қарсы екпе

алу. Вакцинация қазан-желтоқсан айында денсаулық сақтау мекемелеріндегі егу кабинеттерінде жүргізіледі.

Екпе алу бұл аурудың алдын алып қана қоймайды, ол аурудың асқынуларынан да сақтап, тұмаумен ауырған күннің өзінде ауру жеңіл күйде өтеді.



Вирустың алдын алуда бөлмеңізді жиі желдетіп отыру, ылғалды жуу жиілігін арттыру да тиімді. Тағамға С дәрумені бар өнімдерді көбірек пайдаланған дұрыс. Аурудың өршу кезеңінде адамдар көп жиналатын жерден алшақ болу қажет. Бір рет қолданатын бетперде пайдаланғаныңыз жөн. Таза ауада, далада жылы киініп серуендеу де тиімді.

Аурудың алдын ал демекші, ауруды болдырмайтын жол іздейік

Г.Муксимова,

Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Ғабдуллина Бақытжан Мейрамқызы

Ғабдуллина Бақытжан Мейрамқызы 1966 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Киров селолық округінде дүниеге келген. 1983 жылы Ақтоғай ауданы, Қоңырат ауылындағы Қ.Нұржанов атындағы орта мектепті аяқтап, еңбек жолын 1983 жылы Қоңырат ауылында бастаған. 1995 жылы



Жезқазған педагогикалық училищесін тәмамдап, балабақша тәрбиешісі, мектепте іс қағаздарын жүргізуші қызметтерін атқарған. 2003-2006 жылдары Қарағанды Мемлекеттік Университетінің «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығын алды.

2006 жылдан өмірінің соңына дейін «К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет етті.

Бақытжан Мейрамқызы мектебімізде еңбек атқарған жылдар арасында мектеп табалдырығын алғаш атаған шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, оларды халқының өткенін танып білуге және отансүйгіштік рухта тәрбиеледі. Шәкірттерінің сүйікті ұстазы болып, ата-аналармен де ынтымақтаса тіл табыса білді.

Білікті ұстаз ұжым алдында беделді, адамгершілігі мол, мейірімді тұлға ретінде есте қалады.

«К. Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ ұжымы бастауыш сынып мұғалімі Ғабдуллина Бақытжан Мейрамқызының мезгілсіз қазаға ұшырауына байланысты отбасына және туған, туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумалары аяулы анамыз Біләлқызы Ғазылдың өмірден өткеніне 1 жыл, ардақты әкеміз Мұсатайұлы Аманқұлдың өмірден озғанына 5 жылдың жүзі болды. Өмір деген аққан судай зымырап өте шықты. Адамгершілікке бай, туысқа қадірлі, досқа адал айналаларына мейірім сыйлап жүретін жаны жайсаң әке-шешеміздің шуақ шашып, жүрегімізді жылытатын жарқын бейнелерін сағындық. Бүгінде абзал жандарды еске ала отырып, топырақтарын торқа, жатқан жерлерін жарық, мінгендерін пырақ болсын деп қолымызды жайып дұға тілейміз.

Өмір деген – тағдырыңның өткелі,

Өкініш сол: тұрақтамас, өтпелі.

Керуен күндер, жұлдыз түндер жылыстап,

Жылдар өтті... аяулы жандар кеткелі.

Сағына еске алушылар: балалары.

2023 жылдың қазан айының 21 күні сағат 12.00-де «АйФар» дәмханасында ата-анамызға құран бағышталып, ас беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, ата-анамыздың көзін көрген және дәмдес болған барша жамағатты шақырамыз.

Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны, «Ақшағыл» шаруа қожалығының жетекшісі Мырзабеков Амантай ЖСН 521008350328 атында Ақтоғай ауданы бойынша кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000001263689, шыққан жылы 2013 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

«Ақылды» көлік жуу орталығы

«Жас келсе, іске» деген. Қайратты да жігерлі жастарды мемлекет қолдауда. Осы орайда, жастар бастамашылығын қолдау мақсатында аудан әкімінің тарапынан жыл сайын грант бөлініп отырады. Еңбекке бейім, ынталы жастардың бизнес жоспарлары қолдау тауып, қомақты қайтарымсыз қаражаттың иесі болады. Сондай кәсіпкердің бірі – Ақтоғай ауылының тұрғыны Нұрбол Бауымбеков. Ол үстіміздегі жылы аудан әкімінің жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамыту және қолдау грантын ұтып алған болатын. Грант – 1 млн. теңге көлемінде. Нәтижесінде, заманауи үлгіде көлік жуу орталығын ашты.

Бұл орталықтың әдеттегі көлік жуу орталықтарынан айырмашылығы 24 сағат бойы жұмыс істеп тұрады және әр жүргізуші өз-өзіне қызмет көрсететінінде.

Аты айтып тұрғандай көлік жуу орталығында тек бір оператор ғана қызмет атқаратын болады. Олар тек құрылғылардың жұмыс істеуі мен көлік жуу барысындағы реттілікті сақтап тұрады. Тіпті сізден ақысын алып, есептесуге олар араласпайды. Неге десеніз, сіз көлігіңізді жуғыңыз келсе алдымен құрылғыға 50 теңгелік ақшадан бастап, өз қалауыңызша 500, 1000, 2000 сынды ақшаларыңызды сала бересіз. Сонда барып ақылды құрылғы сізге су, көбік және көлік жылтыратқыш сынды жууға қажетті

қоспаларды босатады. Оларды арнайы тетікшелер арқылы басқарып отырасыз. Салған ақшаңыз таусылғанша сіз жууға қажетті қоспаларды өз қалауыңыз бойынша пайдалана аласыз. Жас кәсіпкердің өз қаражаты есебінен ашқан бұл орталықтың өзге көлік жуу



кешендерінен ең басты айырмашылығы бағасының тиімділігінде. Аудандағы тың жоба ретінде бағаланып, ел игілігіне жұмыс істей бастаған орталықта 500 теңгеге жеңіл көлікті жуып алуға толық мүмкіндік бар.

Ерекше нысанға келіп көлік жуып

жатқан Ақтоғай ауылының тұрғыны Арнұр Советті сөзге тартқанымызда:

– Әдеттегі көлік жуу орындарына жұмсаған қаражатқа осы жерде көлігімізді бірнеше мәрте жуатын болдық. Меніңше тиімдісі осы сияқты. Өз-өзіне қызмет көрсететін

Ауданның дамуына әсер ететін осындай нысандардың көптеп ашыла беруіне тілекшіміз, – дейді.

Шындығында бағасы қалтаға қонымды, жұмысы өнімді мұндай көлік жуу орталықтарының көптеп ашылғаны аудан тұрғындары үшін жақсы жаңалық. Алдағы уақытта мұнда кілем жуу қызметі, тұтынушыларға қолайлы болу үшін Kaspi QR қосылып, нысан аумағы толықтай бейнекамера бақылауында болмақ.

– Қолымыздан келгенді елге болсын деп жатырмыз. Сол себепті азаматтармен бірлесіп осы жұмысты қолға алуға ниет қылдық. Әркім өзі үшін қызмет қылуға дағдыланса, ауданда мұндай орталықтардың маңызы артады деген ойдамыз. Бастысы туған жерге аз да болса пайдамыз тиіп жатқанына қуаныштымыз. Әзірге бұл көлік жуу орталығы ауа райы минус 15 градусқа дейін жұмыс істейді. Ал, қыс мезгілінде уақытша тоқтайтын болады. Себебі, орталық жылы мезгілде ғана жұмыс жасайды. Өздеріңіз көріп тұрғандай орталықта көлік қоятын орындар ашық. Қыста бұл ыңғайсыздық тудырады, – дейді кәсіпкер Н.Бауымбеков.

Тың кәсіпті қолға алып, елге қызмет етуді көздеген елжанды жанға біз сәттілік тіледік.

**Д.Бақыш,
Ақтоғай ауылы.**

**Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

Балаларға базарлық

Ауа-райының ойынға ыңғайлы уақытында ойын баласын үйде ұстап отыру мүмкін емес. Олардың асыр салып ойнап, жүгіріп-секіргісі келеді. Мұндайда көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы яки ауыл маңындағы ойын алаңқайының маңызы зор.

«Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскемен ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деп Мемлекет басшысы атқарылатын жұмыс нәтижесін құр даңғыра сөзбен емес, нақты іспен көрсету керектігін қадап айтқан.

Осы мақсатта ел өңірлерінде балалар игілігіне орай балалар алаңы мен түрлі спорт алаңқайлары пайда болды.

Соның айқын бір көрінісі – Ақтоғай ауданында заман талабына сай жаракталған төрт бірдей балалар ойын кешені орнатылуда. Бүгінгі таңда мердігер компаниялар ойын кешендері мен жасанды көгалдарға арналған орынды



арнайылап қоршап қойған. Ал, олардың жұмысын қоғам белсенділері қадағалайтын болады. Мұнда балаларға арналып әткеншектер, сырғанақ, төбесі жабылған ойын құрылғылары орнатылып, түрлі-түсті сырлармен боялып, безендірілмек.

– Біздің ауыл өте үлкен. Бүгінде 3287 адам тұрады. Балалар да көп. Мұнда екі мектеп, бір лицей, өнер мектебі, шағын орталық бар. Бұған дейін осындай үш заманауи кешен орнатылған. Биыл тағы төртеуін жабдықтаймыз. Қазір элементтерді орнату қалды. Бұл жерде

әткеншектермен қатар спорттық тренажерлер де болады. Және екі көпфункционалды корт та ашылады, – деді ауыл әкімі Думан Ұлтыкеев.

Қазекем «Үлкеннің мыңына бергенше, баланың біріне бер» дейді. Балаларға қуаныш сыйлау үлкен бақыт.

**Е. Айтжан
Ақтоғай ауылы.**

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Қусақ ауылдық округінің тұрғыны, «Ынталы» шаруа қожалығының жетекшісі Жақсыбеков Айтбек ЖСН 741018350128 атында Ақтоғай ауданы бойынша кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1413006, шыққан жылы 2004 кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Құрылтайшы: [ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА](#) Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: [Г.ЕЛЕУСИЗОВА](#)

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: [№KZ94VPY00019192](#). (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 980 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үйі.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта: aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

